

ҚҰҚЫҚ-АҚПАРАТ



ҚОЛДАУ

## «Қашқын» әке ұсталды

Павлодар қаласында балаларына алимент төлеуден жалтарып жүрген ер азамат қолға түсті. Ол бірнеше жыл бойы екі баласына материалдық көмек көрсетуден бас тартып келген.

Ер азаматтың алимент бойынша қарызы 7 млн 600 мың теңгеге жеткен. Облыстық полиция департаменті Көші-қон қызметінің басшысы Қанат Сартов аталған қомақты сома тергеу жұмыстарын бастауға негіз болғанын айтады. - Жыл басынан бері өз балаларына алимент төлеуден

жалтарып жүрген 75 азамат анықталып, жауапкершілікке тартылды. Ата-ана ретінде бала алдындағы жауапкершілікті елемей заң алдында қатаң қаралады. Бұл ретте «қашқын» әкелерге әкімшілік қамауға алу, қоғамдық жұмысқа тарту, қасақана жалтарған жағдайда 2 жылға бас бостандығынан айыру

жазалары қарастырылған. Полиция қаржылық қиындыққа тап болған азаматтарға заң ережелеріне бағынып, сот орындаушыларына жүгінуге кеңес береді. Бұл әрекет істі қылмыстық жауапкершілікке дейін жеткізбейді, - дейді Қ.Сартов.

## Жолдағы жауапсыздық

Полицейлер мас күйде көлік тізгіндеген жүргізушіні ұстады. Патрульдік полицейлер «Chevrolet Cruze» автокөлігін тоқтатып, заңсыз әрекетті әшкереледі.

Тексеру кезінде көлік иесі мас күйде болған. Бұдан бөлек, оның бұған дейін жүргізуші құқығынан айырылғаны анықталған. Облыстық полиция департаментінің мәліметінше, жүргізуші куәлігінен айырылған адамның мас күйде қайта көлік басқаруы қылмысқа жатады. Бұл жағдайда заң қатаң. Тәртіп сақшылары

жол жауапсыздықты көшірмейтінін еске салады. Жүргізуші куәлігінен айырылған адам заңға бағынбай, көлік тізгіндеген емір бойы көлік басқару құқығынан айырылатынын айтады. Жыл басынан бері полицейлер көлікті құжатсыз басқарудың 2420 фактісін анықтаған. - Жол қозғалысы ережесін

бұзғаны үшін жүргізушіге қатысты әкімшілік материал толтырылып, іс материалы сотқа жіберіледі. Көлік құралы арнайы айып тұрағына орналастырылады, - дейді облыстық полиция департаменті патрульдік полиция ротасының командирі Әсет Рыспаев.

А.АСҚАРҚЫЗЫ.

20 МАМЫР - МЕТРОЛОГИЯ КҮНІ

## Өлшеу ғылымының маңызы зор

20 мамырда қазақстандық метрологтар әлемдік метрология қауымдастығымен бірге Дүниежүзілік метрология күнін атап өтеді. Бұл мереке 1875 жылы Парижде өнеркәсіптік, коммерциялық және қоғамдық пайдалану үшін өлшеу ғылымы саласындағы жаһандық ынтымақтастықтың негізін қалаған метрлік конвенцияға қол қойылған күнін атап өтеді.

Метрлер конвенциясының 150 жылдығына арналған маңызды жылдан кейін 2026 жылы Дүниежүзілік метрология күні бізді болашаққа қарауға шақырады. Биылғы жылдың тақырыбы - «Метрология: шешім қабылдауда сенім қалыптастыру» ғылым, басқару және қоғамдық сенім арасындағы қарым-қатынасқа, сондай-ақ шешімдерді сенімді түрде қабылдауға мүмкіндік беретін сахна артындағы жұмысқа тікелей бағытталған.

Өлшемдер ғылыми негізде ғана емес, сонымен қатар нақты және болжамды құқықтық шеңберде қолданылғанда сенім одан әрі нығая түседі. Ғылыми метрология елдер бойынша өлшемдердің дәлдігі мен салыстырмалылығын қамтамасыз етеді; құқықтық метрология олардың практикада дәйекті және әділ қолданылуын қамтамасыз етеді. Олар бірігіп саяси максаттарды қоғамдық мүддеге қызмет ететін практикалық шараларға айналдыруға көмектеседі.

Қазақстандағы аспаптардың пайдалануға жарамдылығын анықтау міндеті жүктелген бірінші мекеме 1923 жылы Омбы тексеру палатасының Семей бөлімшесі болып құрылды. Дәлірек өлшеу құралдары мен өлшемдерінің көрсеткіштері коммерциялық мақсаттағы және кәсіпорындардағы аспаптар мен өлшемдермен салыстырылды. Бұл тексеру деп аталды, ал мекемелер, сәйкесінше, тексеру институттары деп аталды.

1925 жылы Семей бөлімшесі Семей және Жетіғара облыстарына қызмет көрсететін дербес Тексеру палатасына айналды. Қазақстанның қалған бөлігіне Қазақстан Республикасынан тысқары орналасқан

Саратов, Орынбор және Орта Азиялық өлшеуші палаталары) қызмет көрсетті.

1929 жылы 1 қазанда Семей өлшемдер палатасының атауы Қазақ өлкелік өлшемдер мен өлшемдер палатасы болып өзгертіліп, Н.Э.Вильковский оның директоры болды. 1930 жылы Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің шешімімен Қазақ өлкелік палатасы Семейден республика астанасы Алматы қаласына көшірілді. Ол кезде Қазақстанда ең қарапайым құралдар ғана тексеріліп, мөр басылды: таразылар, гирлер, пуркалар, ұзындық пен сыйымдылық өлшемдері, манометрлер.

Бүгінгі күнге Қазақстанда өлшеу құралдарының белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ететін 340-тан астам тексеру зертханалары жұмыс істейді. Сонымен қатар, калибрлеу қарқынды дамып келеді: 70-тен астам калибрлеу зертханалары технологиялық процестердің дәлдігін арттыруға көмектесетін экономиканың әртүрлі секторларына қызмет көрсетеді.

1993 жылғы 18 қаңтарда Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеті алғашқылардың бірі болып «Өлшем бірлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдады, оған кейіннен 2000 жылы елеулі өзгерістер енгізілді. 2000 жылы 7 маусымда «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, бұл Заң өлшемдердің біркелкілігі, метрологиялық қызмет саласындағы мемлекеттік органдардың, заңды және жеке тұлғалардың өзара іс-қимылының тәртібі және Қазақстан

Республикасы азаматтарының және экономикасының құқықтары мен заңды мүдделерін өлшеудің сенімсіз нәтижелерінің зардаптарынан қорғау бағыты белгіледі.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті департаменті басшысының 2016 жылғы 17 ақпандағы №05 бұйрығы негізінде «Павлодар облысы метрологтарының өңірлік штабының» (бұдан әрі - МӨШ) құрамы мен ережесі бекітілді. Облыстық метрологтар штабының жұмысына ірі кәсіпорындардың метрологтары белсенді қатысады: «Павлодарэнерго» АҚ, Ақсу феррокорытпа зауыты - «ТНХ «Қазхром» АҚ филиалы, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС, «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС сияқты ірі кәсіпорындардың метрологтары, «Нефтехим ЛТД Компани» ЖШС, «Еуразиялық энергетикалық корпорациясы» АҚ, сондай-ақ шағын және микрокәсіпкерлік субъектілерінің метрологтары «Гринпром-ПВ» ЖШС, «ЭкоМетр» ЖШС, «Транстахорграф» ЖШС, «Береке 2004» ЖШС, «Метрология тобы КЗ» ЖШС және т.б. белсенді қатысуда.

Құрметті әріптестер, Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтайды, денсаулық, бақ-береке, жұмыстарыңызға табыс және барлық жақсылықты тілейді.

ҚР СИМ ТРМК  
Павлодар облысы  
бойынша департаменті.

## Демікпе дендеп барады

Қазақстанда демікпеге шалдыққан тұрғындар тегін ингалятормен қамтылады. Елімізде бронх демікпесін анықтау көрсеткіші артқан. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, 2017 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда 73,4 жағдай тіркелсе, 2025 жылы бұл көрсеткіш шамамен 102-ге жеткен.

Елімізде бронх демікпесімен ауыратын адамдарды қажетті дәрілік заттармен қамтамасыз ету - басым бағыттардың бірі. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде емделушілерге ауруды тиімді бақылаудың негізі саналатын базистік ингаляциялық препараттардың кең спектрі қолжетімді.

Мамандардың мәліметінше, демікпе қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы маңызды мәселе болып қалып отыр. Әлемде бұл аурумен 260 миллионнан астам адам ауырады және жыл сайын жүздеген мың өлім жағдайына себеп болуда.

Дәрігерлер Қазақстанда бронх демікпесін анықтау көрсеткішінің артуын диагностиканың жақсаруы және медициналық көмектің

қолжетімділігінің артуымен байланыстырады. Бұл өз кезегінде емдеуді уақытылы бастап, асқыну қаупін төмендетуге мүмкіндік береді.

Бронх демікпесі - өңтігу, жөтел және тыныс алудың қиындауымен байқалатын тыныс алу жолдарының созылмалы қабыну ауруы. Дұрыс таңдалған терапия жағдайында ауруды бақылауда ұстауға болады және ол науқастың күнделікті белсенділігін шектемейді. Емдеуде негізгі рөлді ингаляциялық препараттар атқарады. Оларды тұрақты қолдану ұстамалардың жиілігін азайтып, жағдайды тұрақты бақылауға мүмкіндік береді.

Еске сала кетейік, Павлодар облысында бронх демікпесіне 2 мыңға жуық бала шалдыққан.

А.АСҚАРҚЫЗЫ.

## Құрметті Павлодар облысының тұрғындары және қонақтары!

2026 жылғы 15 мамырдан бастап жыл сайынғы «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы және конкурсқа қатысуға өтінім қабылдау жарияланады. Конкурсты өткізудің мақсаты - отбасы институтын нығайту, адамгершілік және мәдени құндылықтарды дәріптеу, ата-ананың еңбегінің мәртебесін арттыру және ерлі-зайыптылардың жағымды бейнесін қалыптастыру.

Конкурсқа әртүрлі салаларда жетістіктері бар отбасылар қатыса алады:

- Еңбек және кәсіби қызмет;
- Спорт, ғылым, мәдениет және өнер;
- Шығармашылық және зияткерлік сала;
- Қоғамдық маңызы бар және волонтерлік сала.

Конкурс екі кезеңде өтеді:

- Аудандық/қалалық кезең - 15 маусымнан 30 маусымға дейін;
- Облыстық кезең - 30 маусымнан 15 шілдеге дейін.

Қосымша сұрақтар бойынша қалалар мен аудандардың ішкі саясат бөлімдеріне немесе ақпарат және қоғамдық даму басқармасына келесі телефондар арқылы хабарласуға болады: **8 (7182) 324077, 8 (7182) 322099, 87474266239**, сондай-ақ жоба үйлестіруші Айтышев Даниярға **87024623822** телефоны арқылы хабарласуға болады.

## Құрметті екібастұздықтар және қала қонақтары!

16 мамыр күні Екібастұз қалалық ипподромында ат спортының ең басты шарасы – EKIBASTUZ CUP өтеді. Бұл - бойымыздағы рухты оятатын шара! Бұл күні бәйге қашықтықтары – 1 200, 1 600, 1 800 және 2 000 метр. Бағдарлама барысында тартысты көкпар ойыны өтіп, одан соң талайды таңдай қақтырар 18 шақырымдық Аламан бәйгеге куә боласыздар! Үздік шабандоздар мен жүйрік тұлпарлар тынысыңызға тыныс қосады. Қомақты жүлделер үшін нағыз тартысқа куә бола аласыздар! Жүлде қоры 5 автокөлік пен ақшалай сыйлықтардан тұрады. Адреналин сезін. Тарихи ойынның куәсі бол! EKIBASTUZ CUP – тарихи бәйгенің бастауы! Дәстүрдің жалғасы! Ұмытылмас әсердің шарасы! **Басталуы сағат 11.00.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан алюминийі» АҚ қоршаған ортаны қорғау бөлімдерімен «Галлий өндіру учаскесінің құрылысы» атты «Қазақстан алюминийі» АҚ-ның, Павлодар қаласы, ПАЗ жұмыс жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Тыңдаулар жария талқылаулар арқылы 25.05.2026 ж. бастап 01.06.2026 ж. дейін «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде <https://ndbecology.gov.kz/> қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінде (ҰДБ) өткізілетін болады.

Танысу және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін материалдар ҰДБ-да жария талқылау мерзімі кезеңінде қолжетімді болады. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақстан алюминийі» АҚ, Павлодар алюминий зауыты, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 140013, Павлодар облысы, Павлодар қ., «Шығыс» өнеркәсіптік аймағы, 60/1-күрлыс, БСН: 940140000325, байланыс тел. +7 (7182) 37-04-54.

«Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін әзірлеуші: «Қазақстан алюминийі» АҚ, Жобалау-конструкторлық жұмыстар басқармасы, тел. +7 (7182) 37-04-54.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты Zhanat.Suleimenova@erg.kz. электрондық мекенжайы бойынша алуға болады.

Қоғамдық талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдауларды үйлестіруге жауапты жергілікті атқарушы орган - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, электрондық мекенжайы: uposvg@mail.ru, телефоны (8 7182) 32-16-81.

(2053)